

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі :

1. Крупенчук О.И. Система работы по развитию мелкой моторики у детей с патологией / О.И. Крупенчук. – М.: Литера, 2014. – С.2187
2. Кольцова М.М. Двигательная активность и развитие функций мозга ребенка / М.М. Кольцова. – М.: Просвещение, 2013. – С. 228.
3. Григорян Е., В.А. Минаева Коррекция детских страхов у дошкольников средствами песочной терапии // Екатеринбург 2018 // Выпускная квалификационная работа Направление 44.03.02 – Психолого-педагогическое образование
4. Прищепина, С. Мелкая моторика в психофизическом развитии дошкольников / С. Прищепина // Дошкольное воспитание. – 2015. – № 1. – С. 60-63.
5. Метод "Песочная терапия" в психологическом консультировании **Ошибка! Недопустимый объект гиперссылки.**
6. О. Г. Грузд. Sandplay (игры на песке) - метод, основанный в рамках аналитического юнгианского подхода.
7. Аксенова, М. Развитие тонких движений пальцев рук у детей с нарушением развития / М. Аксенова // Дошкольное воспитание. – 2015. – №8. – С. 62-65.
8. Соколова Е.В. Готовимся к школе. Развиваем моторику руки. 5-7 лет / Е.В. Соколова, Н.Н. Нянкoвская. – М.: Академия развития, 2019. – С. 32.

УДК 376.3

МРНТИ: 14.01.93

Жиенбаева Н.Б.<sup>1</sup>, Хуатхан Г.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> ғылыми жетекшісі, психология ғылымдарының докторы, профессор

Абай атындағы ҚазҰПУ, [zh\\_nadejda@mail.ru](mailto:zh_nadejda@mail.ru)

<sup>2</sup> «7М01902 – Логопедия» мамандығының 2 курс магистранты,

Абай атындағы ҚазҰПУ, [gulmirakhuatkhan@mail.ru](mailto:gulmirakhuatkhan@mail.ru)

Алматы қ, Қазақстан

## СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАНҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫНДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

### Аңдатпа

Бұл мақалада сөйлеу қабілеті зақымданған балалардың дамуында денсаулық сақтау технологияларын қолданудың педагогикалық шарттары жан – жақты зерттелді.

Денсаулық сақтау технологиялары – білім алушылар мен педагогтардың денсаулық жағдайына зиян келтірместен оқу – тәрбие процесін ұйымдастыруды көздейтін әдістердің жиынтығы. Яғни, бұл технологиялардың көмегімен оқыту үрдісін салауатты түрде ұйымдастырып, оның оң ықпалдарын біршама есе арттыруға болады. Балалардың қозғалысының төмендігі, жүктеменің мөлшерінің көптігінің бәрі баланың денсаулығына кері әсер етеді. Бүгінгі таңда балалардың денсаулық жағдайы мен салауатты өмір салтын ұстану деңгейінің өткен ғасырдағымен салыстырғанда төменірек екендігін ескерсек, бұл тақырыпты терең өзектілікке ие деуге негіз бар.

**Кілттік сөздер:** денсаулық сақтау технологиялары, сөйлеу тілі, салауатты өмір салты, денсаулық, оқу – тәрбие, қозғалыс.

Жиенбаева Н.Б.<sup>1</sup>, Хуатхан Г.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>научный руководитель, доктор психологических наук, профессор  
КазНПУ им.Абая, [zh\\_nadejda@mail.ru](mailto:zh_nadejda@mail.ru)

<sup>2</sup>магистрант 2 курса по специальности «7М01902 – Логопедия»,  
КазНПУ им. Абая, [gulmirakhuatkhan@mail.ru](mailto:gulmirakhuatkhan@mail.ru)  
г.Алматы, Казахстан

## ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ПРИМЕНЕНИЯ ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩИХ ТЕХНОЛОГИЙ В РАЗВИТИИ ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЯМИ РЕЧИ

### Аннотация

В данной статье всесторонне исследованы педагогические условия применения здоровьесберегающих технологий в развитии детей с нарушениями речи.

Здоровьесберегающие технологии – совокупность методов, предусматривающих организацию учебно-воспитательного процесса без ущерба для состояния здоровья обучающихся и педагогов. То есть с помощью этих технологий можно организовать процесс обучения здоровым образом и в несколько раз увеличить его положительное влияние. Низкая подвижность детей, большое количество нагрузок негативно сказываются на здоровье ребенка. Учитывая, что на сегодняшний день состояние здоровья детей и уровень здорового образа жизни ниже, чем в прошлом веке, есть основания полагать, что данная тема имеет глубокую актуальность.

**Ключевые слова:** здоровьесберегающие технологии, разговорная речь, здоровый образ жизни, здоровье, обучение, движение.

Zhienbaeyeva N.B.<sup>1</sup>, Khuatkhan G.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>scientific supervisor, doctor of psychological sciences, professor  
Kazakh National Pedagogical University named after Abai, [zh\\_nadejda@mail.ru](mailto:zh_nadejda@mail.ru)

<sup>2</sup>2 nd year master's student of specialty «7M01902–Logopedics»,  
Kazakh National Pedagogical University named after Abai, [gulmirakhuatkhan@mail.ru](mailto:gulmirakhuatkhan@mail.ru)  
Almaty, Kazakhstan

## PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR THE USE OF HEALTH-SAVING TECHNOLOGIES IN THE DEVELOPMENT OF CHILDREN WITH SPEECH DISORDERS

### Annotation

This article comprehensively examines the pedagogical conditions for the use of health-saving technologies in the development of children with speech disorders.

Health-saving technologies are a set of methods that provide for the organization of the educational process without prejudice to the health of students and teachers. That is, with the help of these technologies, it is possible to organize the learning process in a healthy way and increase its positive impact several times. Low mobility of children, a large number of loads negatively affect the health of the child. Considering that today the state of children's health and the level of a healthy lifestyle are lower than in the last century, there is reason to believe that this topic has deep relevance.

**Keywords:** health-saving technologies, colloquial speech, healthy lifestyle, health, training, movement.

**Кіріспе.** Өскелең ұрпақтың денсаулық жағдайы – қоғам мен мемлекет әл – ауқатының маңызды көрсеткіші, ол тек қазіргі жағдайды ғана емес, болашаққа нақты болжам жасайды. Себебі, дену сау ұрпақты тәрбиелеу маңызды аспектінің бірі болып табылады. Ал, бұл міндетті іске асыру білім беру саласында да өзекті мәселе болып табылады [1].

Жоғарыда атап өткендей, балалардың денсаулық жағдайы маңызды және терең тақырып. Ал, ерекше білімді қажет ететін балалардың денсаулық жағдайы екі есе өзектілікке ие болады. Себебі, балалардың психикалық – физикалық ерекшеліктеріне байланысты олардың салауатты болуын,

денсаулық жағдайын жақсартуын қамтамасыз ететін іс – шаралар түзете – дамыту жұмысының маңызды бөлігіне айналады [2].

Ерекше білімді қажет ететін балалардың бірі – сөйлеу тілінің бұзылысы бар балалар тобы. Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалардың денсаулық жағдайын жақсарту технологияларының бірі ретінде логопедиялық жұмыста денсаулық сақтау технологиялары қолданылады [3].

Денсаулық сақтау білім беру технологиялары – бұл ең алдымен салауатты мәдениетті немесе балалар денсаулығы мәдениетін тәрбиелеу технологиялары. Бұл технологиялардың мақсаты – баланың өз денсаулығы мен өміріне саналы көзқарасын қалыптастыру, денсаулық туралы білімді жинақтау және оны қорғау, қолдау және сақтау қабілетін дамыту, мектеп жасына дейінгі балаға салауатты өмір салты мен қауіпсіз мінез – құлық міндеттерін, қарапайым медициналық, психологиялық өзін-өзі күту мен көмек көрсетуге байланысты міндеттерді дербес және тиімді шешуге мүмкіндік беретін валеологиялық құзыреттілікке ие болу [4].

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуінің бұзылыс тенденциясы, коммуникативті дағдылар деңгейінің төмендеуі (А.Г. Арушанова, О. С. Ушакова, Т. А. Ткаченко, Ю. В. Филлипова, Л. М. Шипицына) - мұның бәрі түзету – дамыту жұмысының маңыздылығы және балалардың сөйлеуін дамыту туралы білімді арттыру қажеттілігін анықтайды [5; 6; 7].

Логопедиялық тәжірибе көрсеткендей, жыл сайын сөйлеу тілінің әртүрлі бұзылыстары бар балалардың саны артып келеді.

Логопедиялық жұмыс сөйлеу бұзылыстарын ғана емес, сонымен бірге балалардың жеке басын да түзетуді қамтиды. Сөйлеу тілінің дамуында бұзылыстары бар оқушылар арасында жалпы және ұсақ моториканы, есте сақтауды, зейінді және жиі ойлауды дамытуда проблемалары бар оқушылардың пайызы жоғары. Тиісінше, бұлшықет релаксациясы, тыныс алу гимнастикасы, артикуляциялық гимнастика, саусақ гимнастикасы, жоғары психикалық функцияларды дамытуға арналған жаттығулар (зейін, есте сақтау, ойлау, дене шынықтыру минуттары, көру профилактикасы жаттығулары, логоритмика) кіретін осы балалармен кешенді сауықтыру және түзету жұмыстарын жүргізу қажет [8].

Денсаулық сақтау технологиясын қолдануды теориялық зерттеуді қорытындылай отырып, оның мынадай екі қағидасын ұсынамыз:

1. Оқу – тәрбие процесінің барлық стресстік факторларын жоюды қамтамасыз ететін білім беру ортасын құру. Мейірімділік атмосферасы, баланың күшіне деген сенім, жеке көзқарас, әрбір сәттілік жағдайына қол жеткізу балалардың танымдық дамуы үшін ғана емес, сонымен қатар олардың қалыпты психофизиологиялық жағдайы үшін де қажет.

2. Білім беру процесінің шығармашылық сипаты. Шығармашылық міндеттерді жүзеге асыру мүмкіндігіне сабақтарда және сабақтан тыс жұмыстарда оқытудың белсенді әдістері мен формаларын қолдану арқылы қол жеткізіледі.

**Зерттеу әдістері және материалдары.** Зерттеу әдістерінің негізіне балалардың мәдени – тарихи даму концепциясы қарастырылды. Сауалнаманың негіздерін құру оның мазмұнын бейімдеу нәтижесінде ұсынылды. Қарастырылған сауалдардың мазмұны төмендегідей болды:

1. Сіз логопедиялық жұмыста денсаулық сақтау технологияларын кеңінен қолданасыз ба? (иә /жоқ)

2. Денсаулық сақтау технологияларды логопедиялық сабақтың ажырамас бөлігі деп санайсыз ба? (иә /жоқ)

3. Денсаулық сақтау технологияларын қолданудың ережелерін, мазмұндық ерекшеліктерін толықтай білесіз бе? (иә /жоқ)

4. Денсаулық сақтау технологияларының баланың сөйлеу тілін дамытудағы орнын жоғары деп бағалайсыз ба? (иә /жоқ)

5. Денсаулық сақтау технологияларының сөйлеу тілін дамытудағы заңдылықтарын, кезеңдер бойынша қолданыс ережелерін білесіз бе? (иә /жоқ)

**Нәтижелері.** Зерттеу жұмысына ұсынылған сауалнама логопедтерге ұсынылып, сауалнамаға жалпы саны 5 маман қатысты. Сауалнаманың жауаптары төменгі кестеде ұсынылды.

Кесте 1

Сұрақ №	Зерттеу нәтижелері				
	1	2	3	4	5
Иә	40 %	40 %	60 %	60 %	40 %
Жоқ	60 %	60 %	40 %	40 %	60 %

Кестеден көріп отырғанымыздай, логопедтердің жұмысында денсаулық сақтау технологияларының қолданыс деңгейінің орташа екендігін байқаймыз. Логопедиялық жұмыста 40 % маман кеңінен қолданса, қалған 60 % жоқ жауабын таңдады. Себебі, мамандардың басым бөлігі денсаулық сақтау технологияларын тек қана дыбыс айтуда ғана қолдану ықпалын алға тартты.

Логопедиялық сабақтардың ажырамас бөлігі ретінде денсаулық сақтау технологиясын қолдану бойынша сұраққа 40 % маман «иә» жауабын, 60 % маман «жоқ» жауабын таңдады.

Ал, денсаулық сақтау технологияларын қолдану ережелері мен қағидалары туралы сұраққа мамандардың 60 % «иә», 40 % «жоқ» жауабын таңдады.

Келесі, сауалға мамандардың 60 % оң жауапты таңдады. Ал, қалған 40 % жоқ жауабын көрсетті. Себебі, бұл технологияны қолдану түзету ролін емес, қосымша әдіс ретінде қолданылатындығы туралы жауаптар болды.

Соңғы сұраққа мамандардың басым бөлігі жоқ жауабын таңдаған.

Осылайша, логопедиялық жұмыста денсаулық сақтау технологияларын қолдану деңгейін орташа деңгейде деп тұжырымдаймыз.

**Нәтижелердің талқылануы.** Қазіргі уақытта логопед мамандардың қызметінде денсаулық сақтау технологияларын қолдану сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен түзету және дамыту жұмыстарының перспективалы құралына айналууда. Бұл жұмыс әдістері арнайы педагогикада жиі қолданылатын және сөйлеу қиындықтарын ғана емес, сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балаларды жалпы сауықтыруда мүмкін болатын жетістіктерге жетуге көмектесетін тиімді түзету құралдарының қатарына жатады. Кешенді логопедиялық көмек аясында ерекше күш – жігерді қажет етпейтін денсаулық сақтау технологиялары балалардың сөйлеуін түзету процесін оңтайландырады және баланың бүкіл денесін сауықтыруға ықпал етеді. Оларды қолданудың әсері мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне, жаңа мүмкіндіктерді қолдана білуге, түзету және дамыту процесінің жүйесіне тиімді әдістерді енгізуге, сабақ барысында балаларға психофизиологиялық жайлылық туғызуға, олардың өз қабілеттеріне «сенімділік жағдайын» қамтамасыз етуге байланысты. Сонымен қатар, балама әдістер мен тәсілдер сабақтарды қызықты және әр түрлі ұйымдастыруға көмектеседі.

Осылайша, денсаулық сақтау технологияларының түзету мүмкіндіктері сөйлеу мен жалпы дамыту үшін жағдай жасауға ықпал етеді. Түзету логопедиялық сабақтарында денсаулық сақтау технологиясын қолдану бірнеше мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

1. сөйлеу белсенділігін арттыруға көмектеседі;
2. сөйлеу дағдылары мен біліктерін дамытады;
3. бұлшықет кернеуін жеңілдетеді, өнімділікті қалпына келтіреді;
4. танымдық қызығушылықты белсендіреді;
5. шоғырлануды жақсартады, бір әрекеттен екіншісіне ауысу қиындықтарын азайтады.

6. балалардың денсаулығын нығайту, коммуникативті дағдыларды толық игеруге, баланың танымдық белсенділігін дамытуға және белсендіруге мүмкіндік беретін жетекші фактор ретінде қарастырылады.

**Қорытынды.** Денсаулық сақтау технологияларын логопедиялық жұмыста қолдануды зерттеу оның маңызды ролін анықтады. Сонымен қатар, шағын эксперименттік жұмыс жүргізу арқылы логопед мамандардың арасында денсаулық сақтау технологияларын қолданудың орташа деңгейі анықталды.

Балаға кешенді әсер ету ғана сөйлеу дамуының сәтті динамикасын бере алады. Сөйлеудің бұзылуын жену үшін түзету жұмысындағы әдістер мен тәсілдердің жиынтығы сөйлеу әрекетіндегі ақауларды түзетуге ғана емес, сонымен қатар белгілі бір психикалық процестерді, қоршаған әлем туралы идеяларды, тәрбиеленген әлеуметтік құбылыстар мен мінез – құлық дағдыларына қарым – қатынастардың қалыптасуын, жеке мәдениеттің негіздерін қалыптастыруға әсер етеді. Логопедтің

түзету жұмысында балалардың денсаулығын сақтаудың әлеуметтік және педагогикалық маңыздылығы артады.

Сонымен, логопедтің жұмысында денсаулық сақтау технологияларын қолданудың теориялық және эксперименттік тұрғыда зерттей отырып, сәтті жұмыстың мынадай педагогикалық шарттарын ұсынамыз:

1. Денсаулық технологияларын өзге әдістермен кешенді мазмұнда қолдану;
2. Денсаулық сақтау технологияларын баланың сөйлеу тілінің бұзылысына, деңгейі мен тереңдігіне қарай таңдау, бейімдеу.
3. Денсаулық сақтау технологияларының қолдануды әрбір логопедиялық сабақтың 7 – 10 минутты қамтитын фрагменті ретінде қолдану.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы
2. Movkebayeva Z.A., Oralkanova I.A., Mazhenov B., Beysenova A., Belenko O. The model of formation of readiness of teachers to work in conditions of inclusive education// *International Journal of Environmental and Science Education*. - ISSN: 1306-3065.-№11.–2016
3. Z.Movkebaeva, I. Denissova (with co-authors. Students Attitude towards Co-Education with Disabled People in Higher Education Institutions. *Journal of Entrepreneurship Education Research Article*: 2017 Vol: 20 Issue: <https://www.abacademies.org/articles/students-attitude-towards-coeducation-with-disabled-people-in-higher-education-institutions-6917.html>
4. Буденная Т.В. «Логопедическая гимнастика». – СПб., 2003.
5. Гаврючина Л.В. «Здоровьесберегающие технологии в ДОУ». – М.: ТЦ Сфера, 2006
6. Гомзяк О.С. «Комплексный подход к преодолению ОНР у дошкольников». – М., 2009
7. Кузнецова С.В., Е.В. Котова, Т.А. Романова «Система работы с узкими специалистами ДОУ». – М.: ТЦ Сфера, 2008г.
8. Картушина М.Ю. «Логоритмические занятия в детском саду». – М., 2004.

**УДК 376.37**

**МРНТИ 14.29.29**

А.К.Рсалдинова<sup>1</sup>, Даурамбекова А.А.<sup>2</sup>, Ә.Қ.Нұрпапа<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Ғылыми жетекшісі п.ғ.к., доцент

<sup>2</sup> П.ғ.м., аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

<sup>3</sup>7M01902 – Арнайы педагогика мамандығының 2 курс магистранты  
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

**СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖАЛПЫ ДАМЫМАҒАН МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДА СӨЗДІҢ  
БУЫНДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ТҮЗЕТУ ЖҰМЫС  
ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕР**

*Аңдатпа*

Мақалада логопедияның өзекті мәселесі қарастырылады: сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасындағы балаларда сөздің буындық құрылымын қалыптастыру мәселесі. Жоғарыда айтылғандай, сөйлеу тілі жалпы дамымауы бар оқушыларда ауызша сөйлеу бұзылыстарының құрылымында сөздердің силлабикалық құрылымының бұзылуы жиі кездеседі. Барған сайын бұл бұзушылық жалпы білім беретін мектептердің сөйлеу тілі жалпы дамымауы бар оқушылардың жазбаша жұмыстарында көрініс табады, сондықтан балалардағы дисграфиялық кателіктердің пайда болуы мен түзетілуінің алдын алу үшін, мектепте баланы одан әрі табысты оқыту және мектеп бағдарламасын игеру үшін сөздің буындық құрылымын түзету бойынша логопедиялық жұмыс өзекті деп санаймын. Сөздің